



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Ұйым қаржысы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест
спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

1. Тесттің мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру түлектерінің жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыру үшін қажетті қабілеттерін анықтау.

2. Тесттің міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В046 – Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Ұйымдар қаржылары: ұйымдастыру негіздері және олардың ортасының мазмұны.	01	Ұйымдар қаржылары: ұйымдастыру негіздері және олардың ортасының мазмұны.	1. Ұйымның қаржы қызметтерінің функцияларын, принциптері мен міндеттерін сипаттау. 2. Қаржы мазмұнын түсіну. 3. Ұйым қаржысының мәні мен қызметін сипаттау. 4. Қаржы ресурстарын және оларды қалыптастыру көздерін анықтау.
02	Ұйымның меншік капиталы.	02	Ұйымның меншік капиталы.	1. Меншікті капиталдың мазмұнын анықтау және оның ұйымның жалпы капиталын қалыптастырудағы рөлін сипаттау. 2. Меншікті капиталдың бағасын есептеу. 3. Меншікті капиталға инвестициялардың түрлерін жіктеу. 4. Инвестициялық процесті қаржыландыру көздерін анықтау. 5. Меншікті капиталдың мөлшерін анықтау.
03	Ұйымды қаржыландырудың қарыз көздері.	03	Ұйымды қаржыландырудың қарыз көздері.	1. Қарыз капиталының негізгі элементтерін анықтау. 2. Қарыз капиталы бағасының құрамын сипаттау. 3. Қаржылық тұтқаның әсерін түсіну.

04	Оперативті-қаржы жұмысы.	04	Оперативті-қаржы жұмысы.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымды ашу, ұйымды салық комитетіне есепке қою тәртібін анықтау. 2. Кәсіпорынның жарғысын әзірлеу.
05	Ұйымды қаржыландырудың және несиелеудің нысандары, әдістері, ұйымдастыру.	05	Ұйымды қаржыландырудың және несиелеудің нысандары, әдістері, ұйымдастыру.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қаржыландыру әдістерін сипаттау. 2. Қаржыландырудың ішкі көздерін анықтау.
06	Кәсіпкерлік және қаржылық тәуекелдер, оларды оқшаулау тәсілдері.	06	Кәсіпкерлік және қаржылық тәуекелдер, оларды оқшаулау тәсілдері.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіпкерлік тәуекелді сипаттау. 2. Қаржылық тәуекелдің мәнін түсіну. 3. Тәуекелдерді бағалау тәсілдерін қолдану.
07	Ұйымның қаржы ресурстары және негізгі капиталы.	07	Ұйымның қаржы ресурстары және негізгі капиталы.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі құралдар мен МЕА құрамы мен құрылымын түсіну. 2. Негізгі құралдарға бағалау және қайта бағалау жүргізу. 3. Негізгі қорлардың орташа жылдық құнын анықтау. 4. Әр түрлі әдістермен негізгі құралдардың амортизация сомасын есептеу. 5. Негізгі құралдарды тиімді пайдалану көрсеткіштерін есептеу.
08	Ұйымның айналым капиталы.	08	Ұйымның айналым капиталы.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымның айналым қаражатын қаржыландыру және қалыптастыру көздерін белгілеу. 2. Айналым қаражатының құрамы мен құрылымын талдау. 3. Айналым қаражатын тиімді пайдалану көрсеткіштерін есептеу.
09	Ұйымның өнімді өндіруге және сатуға шығындары.	09	Ұйымның өнімді өндіруге және сатуға шығындары.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өндіруге жұмсалатын шығындардың құрамы мен құрылымын түсіну. 2. Шығындарды жіктеу. 3. Өнімнің өзіндік құнына кіретін шығындар мөлшерін есептеу.
10	Ұйымның жалпы табысы: қалыптасуы және таратылуы.	10	Ұйымның жалпы табысы: қалыптасуы және таратылуы.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіпорынның кірістерінің түрлерін, өнімді сатудан түскен кірістерді жіктеу. 2. Пайда мен рентабельділік көрсеткіштерін анықтау.

11	Ұйымға салық салу жүйесі.	11	Ұйымға салық салу жүйесі.	1. Салық салынатын пайда мөлшерін анықтау. 2. Корпорациялық табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу тәртібін түсіну.
12	Ұйымдардағы қаржылық жоспарлау.	12	Ұйымдардағы қаржылық жоспарлау.	1. Қаржылық жоспарлаудың мәнін түсіну. 2. Қаржылық жоспарлау әдістерін сипаттау. 3. Қаржылық бақылау жүйесін сипаттау.
13	Түрлі ұйымдастырушылықтық-құқықтық нысандағы кәсіпорындардың қаржылық ерекшеліктері.	13	Түрлі ұйымдастырушылықтық-құқықтық нысандағы кәсіпорындардың қаржылық ерекшеліктері.	1. Кәсіпорынды кәсіпкерлік қызмет объектісі ретінде талдайды. 2. Кәсіпкерліктің түрлері мен нысандарын түсінеді. 3. Кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандарын анықтайды. 4. Өндірістік кәсіпорынның шығынсыздығын талдау.
14	Ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалау.	14	Ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалау.	1. Қаржылық талдаудың мәні мен мақсатын түсіну. 2. Қаржылық талдау әдістері мен құралдарын қолдану. 3. Қаржылық есептілікті талдау.
15	Ұйымның қаржылық дәрменсіздігі.	15	Ұйымның қаржылық дәрменсіздігі.	1. Ұйымның төлем қабілетсіздігінің негізгі белгілерін сипаттау. 2. Ұйымның әлеуетті банкроттығын бағалау.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Ұйым қаржысы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят

(контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға,

жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. В.Д. Мельников, С. Құлпыбаев Қаржы негіздері: оқулық. Lem баспасы, Алматы – 2019, 722 бет.
2. Э. Э. Михель, Р. А. Әмірханов, Г. А. Жолмырзаева, Ж. С. Мұхаметжанова Корпоративтік қаржы: Оқулық. Алматы. 2012. – 316 б.
3. Қ.Қ. Ілисов, С. Құлпыбаев Қаржы оқулығы: оқулық – Алматы: 2005. – 552 бет.
4. Н.Н. Ібришев Корпоративтік қаржы: оқулық 2015 – 380 б.
5. Розен Ш. Харви, Гейер Тед Розен Ш. Харви, Гейер Тед Мемлекеттік қаржы. Оныншы басылым. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ – 2020, 600 бет.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы


Г.Сманов
(Т.А.Ә)

(қолы)

« » 202 ж.







